

«БЕКІТЕМІН»

Халықаралық Тараз инновациялық
институтының ректоры

ф.ғ.д. Е. Саурьков

« 25 » 0 2021 ж.



ИНСТИТУТ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

FK-3-02-2021

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Тараз

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 Ғалым хатшымен ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНДІРІЛДІ
- 2 ӨЗІРЛЕГЕНДЕР: – Ғылыми кеңес төрағасы ф.ғ.д., профессор Е.Б.Саурыков
– Ғалым хатшы, ф.ғ.к., Қ.Тамабаева
- 3 КЕЛІСІЛДІ: – Бірінші проректор А.Абдуалы
– Ұйымдастыру және кадр жұмыстары бөлімінің бастығы Қ.Сихаева
– Әкімшілік аппаратының заңгер кеңесшісі Е.Матжанов
- 4 Халықаралық Тараз инновациялық институты Ғылыми кеңесінің «25» 02 2021ж. № 7 мәжілісінде талқыланып, мақұлданды.
- 5 ТЕКСЕРІЛУ МЕРЗІМІ – 2024ж.
- 6 ТЕКСЕРІЛУ ДҮРКІНДІЛІГІ – 3 жыл

Осы құжатты Институттың рұқсатынсыз толық немесе жартылай қайталауға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Мазмұны

Жалпы ережелер.....	4
Ұйымдық құрылымы	4
Функциялары	5
Міндеттері	7
Жауапкершілік.....	7
Құқықтары.....	7
Құрылымдық бөлімдермен әрекеттесуі	7
Қосымшалар:	
А қосымшасы Өзгерістер енгізу парағы.....	8
Б қосымшасы Қелісу парағы.....	9
В қосымшасы Танысу парағы.....	10

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Институттың әріптестік басқару органы ректормен басқарылатын Ғылыми кеңес (бұдан ары – Ғылыми кеңес) болып табылады. Ғылыми кеңестің өкілеттік мерзімі – 3 жыл. Ғылыми кеңес жұмысының тәртібі бірінші мәжілісте қабылданған регламентпен анықталады.

Ғылыми кеңес өз қызметі барысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы», Еңбек кодексі, «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңдарын, Білім және ғылым министрлігінің стандарттау және білім беру жөніндегі нормативтік актілерін, институт Жарғысын, институт ректорының бұйрықтары мен өкімдерін, институттың әдістемелік және нормативтік материалдары негізінде әзірленген ережелерін басшылыққа алады.

Осы ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы», Еңбек кодексі, «Ғылым туралы» заңдары мен Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің типтік ережелері мен Институт Жарғысына сәйкес әзірленген және Халықаралық Тараз инновациялық институты (ары қарай – ХТИИ) Ғылыми кеңесінің жұмысы мен білім беру қызметін үйлестіретін негізгі құжат болып табылады.

2 ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Институт ректоры Ғылыми кеңестің төрағасы болып табылады.

Төраға Ғылыми кеңес жұмыстарына жалпы басшылық жасайды және бағыт береді, оның мәжілістерін жүргізіп, кеңес шешімдерінің орындалуына жүйелі тексерулер жүргізіп, қадағалайды. Ғылыми кеңес жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз ету Ғылым хатшыға жүктеледі.

Ғылыми кеңес құрамына қызметі бойынша ректор (ғылыми кеңес төрағасы), ректордың орынбасарлары, факультет декандары, оқу-әдістемелік бөлім бастығы, институт кітапханасының директоры, институттың кәсіподақ, қызметкерлер және білімгерлер комитеттерінің төрағалары кіреді.

Ғылыми кеңестің кем дегенде 50 пайызы ашық дауыс беру жолымен факультеттің жалпы өндірістік жиналысында сайланатын факультеттердің профессор-оқытушылар құрамымен ұсынылуы керек. Ғылыми кеңеске ұсынылған кандидаттар саны квотамен анықталады. Институт факультеттері бойынша квоталарды бөлу факультеттің ғылыми-педагогикалық құрамы қызметкерлерінің штаттық санына қатысты орындалады: факультеттің профессор-оқытушылар құрамынан 2-3 өкіл. Квоталар өлшемі бөлімдерде Ғылыми кеңес өкілеттік мерзімі аралығында сақталады.

Ғылыми кеңес құрамының қалған бөлігі ректорат мүшелерінің - ректор орынбасарлары, құрылымдық бөлімдерінің жетекшілері, сонымен қатар жетекші ғылыми қызметкерлер мен білімгерлер арасынан институт ректорымен тағайындалады.

Ғылыми кеңестің жеке құрамы институт ректорымен бекітіледі. Ректор Ғылыми кеңес мүшелерінің құрамынан Ғылым хатшыны тағайындайды.

Ғылыми кеңестің сайлауын мерзімнен бұрын өткізу кем дегенде оның мүшелерінің жартысының талабымен іске асырылуы мүмкін.

Ғылыми кеңестің құрамына өзгерістер енгізу институттың құрылымдық өзгеруіне және оның мүшелерінің кетуіне байланысты жасалады. Институттың Ғылыми кеңесінің мүшесі басқа жұмыс орнына ауысқан жағдайда Ғылыми кеңестегі оның мүшелігі бірден тоқтатылады.

Ғылыми кеңес мүшелерінің босаған орындарына квотаға, ректор бұйрығына сәйкес қатысты құрылымдық бөлімдердің жалпы өндірістік жиналысында тағайындалған жаңа мүшелер қойылады.

Ректор бұйрығымен Ғылыми кеңес құрамы 3 жылға қолданыстағы ережеге сай бекітіледі.

Ғылыми кеңес мүшелерінің өкілеттігі Ғылыми кеңес құрамы туралы бұйрық мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылады.

Ғылыми кеңес жұмысының жоспары бір оқу жылына жасалады және ректормен бекітіледі. Ғылыми кеңес мүшелерімен Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарын жасауға байланысты ұсыныстар дайындап, оны талқылауға қорытынды мәжіліске ұсынатын Ғалым хатшыға беріледі. Ғалым хатшы Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарының жобасын дайындайды. Ғалым хатшы соңғы мәжілісте оқу жылындағы жұмыстардың қорытындысын шығарады және Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарының жобасын талқылауға ұсынады.

Ғылыми кеңесте қаралатын мәселе бойынша құжаттарды дайындау Ғылыми кеңестің жұмыс жоспарына сай орындаушылармен жүргізіледі.

Ғылыми кеңестің мәжілісі айына бір рет жұмыс жоспарына сай, сонымен қатар қажеттіліктерге байланысты, кем дегенде екі айда бір рет жүргізіледі. Ғылыми кеңестің кезектен тыс мәжілістері Ғылыми кеңес төрағасының ұсынысымен немесе Ғылыми кеңес мүшелерінің кем дегенде үштен бірінің ұйғарымымен өткізіледі.

Ғылыми кеңес өз қызметтерінің өртүрлі бағыттары бойынша тұрақты және басқа да комиссиялар құрады.

Ғылыми кеңестің оқу-әдістемелік, ғылыми, тәрбие жұмыстары бойынша шешімдері, сонымен қатар «ХТИИ құрметті профессоры», «Құрметті кафедра меңгерушісі» құрмет атақтарын беру ашық дауыс берумен қабылданады, ал профессор-оқытушылар қызметтерін беруде байқаулар өткізу барысында доцент және профессор ғылыми атақтарын беру, сонымен қатар институттың «ХТИИ доценті» және «ХТИИ профессоры» академиялық атақтарын беру белгіленген тәртіп бойынша жасырын дауыспен жүргізіледі.

Жекелеген мәселелер бойынша Ғылыми кеңес жасырын дауыс беру арқылы шешімдер қабылдай алады.

Ғылыми кеңестің тізімдік құрамына тек мәжіліске қатысқан Ғылыми кеңес мүшелері кіреді.

Ғылыми кеңестің мәжілістері ашық және келісімді жүргізіледі. Ғылыми кеңес мәжілісінің материалдары хаттамалармен рәсімделеді. Ғылыми кеңестің хаттамалары мен шешімдеріне төраға мен ғалым хатшының қолы қойылады.

Ғылыми кеңестің шешімдерін орындауды бақылауды Ғылыми кеңестің шешімімен ректор бұйрығы арқылы құрылған құрамына Ғылыми кеңестің мүшелері кіретін тұрақты комиссия жүзеге асырады.

Ғылыми кеңес құжаттарды институттың іс-құжаттар номенклатурасына сай жүргізеді.

Институттың Ғылыми кеңесінің хаттамалары мен шешімдері тұрақты сақталатын құжат болып табылады және ғалым хатшы ауысқан кезде акт бойынша беріледі.

3 ФУНКЦИЯЛАРЫ

Ғылыми кеңестің негізгі функциялары:

- институт Ережесін талқылау және бекіту;
- оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу үрдісінің кестелерін бекіту;
- білімгерлер контингентін құру қорытындыларын талқылау;
- құрылымдық бөлімдер, факультеттер, кафедралар және т.б. ережелерін бекіту;
- оқу үрдісін материалдық-техникалық, кадрлық және ұйымдастырушылық-әдістемелік жақтан қамтамасыз ету мәселелерін қарау;
- мамандардың біліктілігін көтеру және қайта даярлауды қамтамасыз ету;
- жарғылық әрекеттерді орындау үшін қосымша қаржы және материалдық қаражаттарды тарту;
- ЖОО бөлімдері, қоғамдық тамақтану және дәрігерлік мекемелердің жұмыстары үшін қажетті жағдай жасау;

- жекелеген санаттағы білімгерлерге қосымша көмектер мен материалдық қамтамасыз ету түрлерін уақытылы ұсыну;
- институт құрылымдық бөлімдерінің оқу, ғылыми-зерттеу және тәрбие және институт құрамындағы ғылыми қоғамдар, сонымен қатар ПОҚ біліктілігін көтеру жұмыстары жөніндегі жоспарлар мен есептерді қарау және бекіту;
- институттың халықаралық жұмыстар жөніндегі жоспарларын қарау және бекіту;
- факультеттер, кафедралар және басқа да құрылымдық бөлімдерді кешенді тексеруден өткізу және ұйымдастыру;
- профессор-оқытушылар қызметтеріне және ЖОО құрылымдық бөлімдердің бастығы орындарына байқаулар өткізу;
- институттың ғылыми-педагогикалық қызметкерлеріне институттың академиялық және құрмет атақтарын беру;
- ҚР мемлекеттік аттестация органы алдында доцент және профессор ғылыми атақтарын беру туралы өтініш жасау;
- ҚР мемлекеттік аттестация органы алдында құрмет атақтарын, ғылым мен техникаға еңбек сіңірген қызметкер, мемлекеттік сыйлықтар мен марапаттаулар беру туралы өтініш жасау;
- ғылыми дәреже беретін арнайы диссертациялық кеңестер ашу жөнінде өтініш жасау;
- ғылыми зертханалар, кафедралар, факультеттер, аймақтық орталықтар құру (жабу) мәселелерін шешу;
- басқару құрылымы, ішкі еңбек тәртібі, штаттық кесте, қызметтік міндеттер туралы ережелерді бекіту;
- қоғамдық өзін-өзі басқару және қоғамдық ұйымдар органдарының жұмыстарына ықпал ету;
- оқу құралдарын, монографиялар дайындау және баспалау мәселелерін қарау, диссертациялар дайындау үшін шығармашылық демалыстар беру;
- білімгерлер үлгерімінің ағымдық, аралық және қорытынды бақылау нәтижелерін талқылау;
- ПОҚ қызметкерлерін аға ғылыми қызметкер (АҒҚ) дәрежесіне ауыстыру мәселелері;
- институт АҒҚ мен докторанттарының есептерін талқылау және бекіту;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша диссертациялық жұмыстардың тақырыптарын бекіту;
- ЖОО алдыңғы қатарлы білімгерлері, магистранттары және аспиранттары (докторанттары) арасынан арнайы шәкірт ақы алуға кандидаттарды бекіту;
- ЖОО жылдық және болашақ даму жоспарларын қарау және қаржы-шаруашылық жұмыстардың қорытындысын талқылау;
- Институт Ережесінде қаралған басқа да мәселелерді қарау.

4 ҚҰҚЫҚТАРЫ

Ғылыми кеңес құқылы:

- құрылымдық бөлімдерден оқу-тәрбие үрдісін, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қатысты, сонымен қатар, ғылыми атаққа, сыйлыққа және т.б. ұсынуға байқаулар мәселелеріне қосымша материалдарды сұрастырып алуға;
- кафедра меңгерушілері, декандар, проректорлар, құрылымдық бөлім бастықтары есептерін тыңдауға;
- мәселелерді талдау, кеңесу және дайындау үшін Ғылыми кеңеске қажетті кәсіп иелерін тартуға;
- оқу-әдістемелік үрдіс және ғылыми-зерттеулер ұйымдастыруға байланысты барлық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға.

5 МІНДЕТТЕРІ

Институттың Ғылыми кеңесі міндетті:

- институт жұмыстарын басқаруға шығармашылық және жемістілікпен қатысуға;
- ғылыми кеңес мәжілістерінде қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалауға;
- жоғары оқу орнының жұмыстарын жақсартуға бағытталған қоғамдық ұйымдар, оқытушылар, және басқа қызметкерлер ұсыныстарын уақытылы қарауға және енгізуге, алдыңғы қатарлы қызметкерлерді көтермелеп, марапаттауға;
- еңбек және білім мәселелері бойынша заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерді сақтауға.

6 ЖАУАПКЕРШІЛІК

Институттың Ғылыми кеңесі қабылданған шешімдерінің орындалуына және заңдылығына жауап береді. ~~ж~~

7 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӘРЕКЕТТЕСУ

Институт Ғылыми кеңесі барлық құрылымдық бөлімдермен, қоғамдық және ғылыми-зертеу орталықтармен, сонымен қатар институтта қызмет көрсететін диссертациялық кеңестермен қызметтік қарым-қатынас жасайды. Факультет кеңестерінің жұмыстарын үйлестіреді және бақылайды.

